# "Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 желтоқсандағы N 504 Заңы

"Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" 1996 жылғы 26 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 179-құжат; N 14, 274-құжат; 1998 ж., N 24, 443-құжат; 1999 ж., N 6, 191-құжат; 2001 ж., N 15-16, 224-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

1) 3-бап "жүйесіне енуін жандандыру," деген сөздерден кейін "жаңа технологиялардың бір немесе бірнеше сапаларын дамыту," деген сөздермен толықтырылсын;

2) 5-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі "атқарушы органдардың" деген сөздерден кейін "немесе аумағында арнайы экономикалық аймақ құрылатын әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті өкілді және атқарушы органдарымен келісе отырып жасалған тиісті орталық атқарушы органның" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 7-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Арнайы экономикалық аймақ орталық атқарушы органның ұсынысы бойынша құрылған жағдайда арнайы экономикалық аймақты басқаруды Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін орталық атқарушы орган жүзеге асырады.".

*Қазақстан Республикасының Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК